

## Өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 30 қыркүйектегі N 458. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.01.30. N 16 өкімімен.

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 13

тамыздағы N 385

R960385\_

өкіміне мынадай өзгертулер мен толықтырулар  
енгізілсін:

Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамтамасыз ету реформасы тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына мыналар енгізілсін:

Әйімбетов С.С. - Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрі, топ жетекшісі болып

Сембаев Д.Х. - Парламент Сенатының Экономика, қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің төрағасы (келісімі бойынша)

Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің төрағасы (келісімі бойынша)

Бегахметов Т.Қ. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының орынбасары

Әжібаев Б.Н. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Заң бөлімінің консультантты

Есенбаев М.Т. - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің банктерді қадағалау департаменті N 3 басқармасы бастығының орынбасары (келісімі бойынша)

В.В.Соболев, В.И.Макалкин аталған жұмыс тобының құрамынан шығарылсын;

2-тармақтағы "екі ай мерзімде" деген сөздер "1997 жылдың 1 қаңтарына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Жұмыс тобының жетекшісі ұйымдастыру жұмысының тәртібі мен кестесін, міндеттерді бөлісуді, әзірленетін Тұжырымдама жобасының негізгі бағыттарының бөлігін жұмыс тобының жауапты мүшелеріне бекітуді, әлемдік тәжірибедегі зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалауға байланысты талдама және басқа материалдар тізбесін, Тұжырымдама жобасының кейір ережелерін жүзеге асыру мерзімін белгілеп, оған ғылыми талдама жасасын.

4. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және ұйымдардың басшылары:

Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамтамасыз ету реформасы

Тұжырымдамасының жобасына әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына өзінің құзыretі шегінде белсенді көмек көрсетсін;

жұмыс тобы мүшелерінің олардың жұмыс тобы кеңесіне жұмыс орнынан қатысуын кедергісіз қамтамасыз етсін"

2. Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамтамасыз ету реформасы Тұжырымдамасының жобасын әзірлеудің күнтізбелік жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

1996 жылғы 30 қыркүйектегі

N 458 өкіміне

қосымша

Қазақстан Республикасының Зейнетақымен қамтамасыз  
ету реформасы тұжырымдамасының жобасын әзірлеудегі  
күнтізбелік жоспары

---

N	Шаралардың атауы	Орындалу	Орындалуына
p/c	мерзімі	жауаптылар	

---

1. Қазақстан Республикасында 1996 жылғы Зейнетақымен  
Зейнетақымен қамтамасыз 1 қарашаға қамтамасыз ету реформа.

ету реформасы тұжырымдамасының дейін сы тұжырымдамасының жобасын ұсыну және бірінші жобасын әзірлеу жөнін. оқылымда Үкіметтің қарауына дегі жұмыс тобы енгізу

2. Тұжырымдама жобасын 1996 жылғы Министрліктер, министрліктерде және қараша мемлекеттік комитеттер мемлекеттік комитеттерде Халықты әлеуметтік және Үкімет Аппаратының қорғау министрлігі, бөлімдерінде келісу жұмыс тобы, Қаржы еңбек және ақша айналысы бөлімі

3. Алынған ескертулерді ескере 1996 жылғы Жұмыс тобы, Халықты отырып, Тұжырымдамада желтоқсан әлеуметтік қорғау жобасын пысықтау министрлігі, Әділет министрлігі

4. Қазақстан Республикасы 1997 жылғы Үкімет Аппаратының Үкіметінің қаулысын шығару қаңтар Қаржы, еңбек және ақша айналысы бөлімі, Заң бөлімі